

АЛҒА АУДАНЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІРЛЕСКЕН  
ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТЫНЫҢ  
ШЕШІМІ



СОВМЕСТНОЕ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
АКИМАТА И РЕШЕНИЕ  
МАСЛИХАТА  
АЛГИНСКОГО РАЙОНА

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Алға қаласы

20\_\_ года № \_\_\_\_\_

город Алга

Алға қаласының көше  
атауларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 12 бабының 5-1 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6.31 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді-мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысына, Ақтөбе облысының әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылдың 02 мамырдағы және 01 тамыздағы қорытындылары негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға қаласының келесідей көше атаулары өзгертілсін:
  - «Водопроводная» көшесін – «Ақбұлақ» көшесіне;
  - «Гоголь» көшесін – «Сарыжайлау» көшесіне;
  - «Победа» көшесін – «Жеңіс» көшесіне;
  - «Торговая» көшесін – «Көкжар» көшесіне;
  - «Дом путейцев» көшесін – «Жібек жолы» көшесіне;
  - «М.Горький» көшесін – «Жәдігер» көшесіне;
  - «Овражный» көшесін – «Кемер» көшесіне;
  - «Первомай» көшесін – «Тұлпар» көшесіне;
  - «Пионерская» көшесін – «Балдырған» көшесіне;
  - «Северный» тұйық көшесін – «Серпін» тұйық көшесіне;
  - «Транспортная» көшесін – «Шиелі» көшесіне;
  - «Рабочая» көшесін – «Шамшырақ» көшесіне;
  - «Набережная» көшесін – «Жағалау» көшесіне;
  - «Октябрь» көшесін – «Шаңырақ» көшесіне;
  - «Пролетарская» көшесін – «Ықылас» көшесіне;
  - «Садовая» көшесін – «Көкпекті» көшесіне;

«Степная» көшесін – «Байтақ» көшесіне.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қонжарға жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі**

**Н.Алдияров**

**Аудандық  
мәслихаттың хатшысы**

**Б.Жұмабаев**

**Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**К.Ксупов**